

"Тоған" Мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 14 қыркүйек N 874. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.03 . N 681 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және нарықтық қатынастар жағдайларында су шаруашылығы құрылыс-өнеркәсіп орындарының қызметін мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Су шаруашылығы объектілері мен жерді кешенді мелиорациялау құрылысы жөніндегі "Қазсумелиорация" мемлекеттік концерні құрамына кіретін су шаруашылығы құрылыс-өнеркәсіп бірлестіктері, трестері, кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде "Тоған" Мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі - Компания) N 1, 2 қосымшаларға сәйкес құрылсын.

2. Компания Су шаруашылығы объектілері мен жерді кешенді мелиорациялау құрылысы жөніндегі "Қазсумелиорация" концернінің мүлікке құқығы мен міндеттерінің иегері болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға кіретін заңда бұрын белгіленген тәртіппен құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын Компанияға тапсырсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Компанияға Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдарының мемлекеттік меншігін қайта жаңғыртуды жүргізу тапсырылсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай белгіленген тәртіппен өткізілетін акция пакеттерінен басқа құрылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялық пакеттері Компанияның иеленуіне,

пайдалануына және басқаруына берілсін.

5. Компания Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп , мелиорациялауды дамыту мен мелиорация-су шаруашылығы мақсатындағы объектілерді инвестициялаудың кешенді жоспарларын

жүзеге асырады деп белгіленсін.

6. "Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары, өзінің Жарғысы негізінде қызмет атқарады және Республиканың агроөнеркәсіптік кешеніне кіреді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 14 қыркүйектегі

N 874 қаулысына

N 1 қосымша

"Тоған" Мемлекеттік акционерлік компаниясына

кіретін құрылыс-өнеркәсіп бірлестіктері,

трестер мен кәсіпорындардың

Тізбесі

"Ақтөбемелиорация" акционерлік қоғамы, Ақтөбе қаласы

"Айдын" акционерлік қоғамы, Атырау қаласы

"Қостанаймелиорация" акционерлік қоғамы, Қостанай қаласы "Семеймелиорация" акционерлік қоғамы, Семей қаласы "Талдықорғанмелиорация" акционерлік қоғамы, Талдықорған қаласы "Еңбек" акционерлік қоғамы, Қызылорда қаласы "Алматымелиорация" өнеркәсіп-құрылыс-монтаж бірлестігі, Алматы қаласы "Шығысмелиорация" құрылыс-монтаж бірлестігі, Өскемен қаласы "Жамбылмелиорация" құрылыс-монтаж бірлестігі, Жамбыл қаласы "Қызылордамелиорация" өнеркәсіп-құрылыс-монтаж бірлестігі, Қызылорда қаласы "Қазалысұқұрылысы" құрылыс-монтаж тресі, Қазалы қаласы, Қызылорда облысы "Көкшетаумелиорация" құрылыс-өнеркәсіп бірлестігі, Көкшетау қаласы "Қостанайауылшарсуқұбырықұрылысы" өндірістік құрылыс бірлестігі, Қостанай қаласы "Павлодармелиорация" құрылыс-өнеркәсіп бірлестігі, Павлодар қаласы "Ақмоламелиорация" құрылыс-өнеркәсіп бірлестігі, Ақмола қаласы "

Шымкентмелиорация" құрылыс-өнеркәсіп бірлестігі, Шымкент қаласы "
Қазжайылым" өндірістік-құрылыс-пайдалану бірлестігі, Шымкент қаласы "
Жөнқұрылыс техника" өндірістік бірлестігі, Қарасу поселкесі, Алматы облысы "
Сукұрылыс индустрия" өндірістік бірлестігі, Шымкент қаласы "
Монтажарнаулықұрылыс" тресі, Қарасу поселкесі, Алматы облысы "
Оралсукұрылысы" тресі, Орал қаласы Алматы арнаулы іске қосуды реттеу
басқармасы, Талғар қаласы, Алматы облысы Маңғыстау су шаруашылығы
құрылысы басқармасы, Ақтау қаласы Солтүстік Қазақстан облысындағы N 58
жылжымалы механикаландырылған колонна, Петропавл қаласы Торғай
облысындағы N 39 жылжымалы механикаландырылған колонна, Арқалық
қаласы Темірбетон бұйымдары зауыты, Ақтөбе қаласы "Жөнмелиокұрылыс маш"
зауыты, Ақмола қаласы Сауда-өндірістік бірлестігі, Алматы қаласы "
Қазоргтехсукұрылысы" тресі, Алматы қаласы Өндірістік техникалық байланыс
торабы (ӨТБТ), Алматы қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 қыркүйектегі
N 874 қаулысына
N 2 қосымша

"Тоған" Мемлекеттік акционерлік компаниясының
құрамына кіретін жекешелендіруге жатпайтын
кәсіпорындар мен ұйымдардың
Тізбесі

Қызылорда политехникумы, Қызылорда қаласы
Шымкент коммерциялық колледж, Шымкент қаласы
Қызмет ғимаратының басқармасы, Алматы қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК